ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1272043 сатып алу бойынша
Төмендету бойынша ашық тендер тәсілімен

Лот № (13 Р, 4585635) Ұңғымалардың кенжар аймағын өңдеу бойынша жұмыстар

Тапсырыс беруші: "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Ұйымдастырушы: "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	13 Р
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Ұңғымалардың кенжар аймағын өңдеу бойынша жұмыстар, Ұңғымалардың кенжар аймағын өңдеу бойынша жұмыстар
Қосымша сипаттама	Ұңғымалардың түп маңы аймағын өңдеу жұмыстары
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Қызылорда облысы, на м/р КГМ
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2027 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ ТҮП МАҢЫ АЙМАҒЫН ӨҢДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

1. Сипаттама және қажетті функционалдық, техникалық, сапа және өнімділік сипаттамалары:

Ұңғыманың түп маңы аймағын өңдеу бойынша жұмыстарды қабаттың түп маңы аймағы мен ұңғыманың жер асты жабдықтарын (ГНО) химиялық-технологиялық әдіспен өңдеуге арналған кешенді бағдарламаны (геологиялық-технологиялық материалдар негізінде) әзірлей отырып орындау, сондай-ақ жұмыстарды ұңғыманы күрделі жөндеу қондырғысын (КРС) пайдаланбай орындау мүмкіндігін қамтамасыз ету. Жұмыстар қажеттілікке қарай мыналарды қамтуы мүмкін: бұрғылау ерітіндісінің сазды кольматантын жою, қабаттағы саздарды еріту (диспергирлеу) есебінен терригендік қабаттың өткізгіштігін жақсарту, сондай-ақ бұрын пайдаланылмаған (кольматацияланған) терригендік қабаттарды игеруге қосу.

Жұмыстардың негізгі мазмұны және оларға қойылатын талаптар

Шарт жасалғаннан кейін Тапсырыс беруші зертханалық зерттеулер жүргізу үшін Орындаушыға қажетті үлгілер мен бастапқы деректерді ұсынады.Ұңғымада жұмыстарды бастамас бұрын Орындаушы Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушінің керн үлгілерінде жүргізілген химиялық композицияның зертханалық зерттеулерінің нәтижелерін ұсынады. Орындаушы қолданатын химиялық композиция Тапсырыс берушінің кен орны жағдайларындағы негізгі физикалық-химиялық параметрлер мен қасиеттерге сәйкес келуге тиіс.

Ұңғыма-кандидаттарды таңдау

Ұңғыма-кандидаттарды іріктеу Орындаушымен келісу арқылы Тапсырыс беруші тарапынан жүзеге асырылады. Іріктеу геологиялық-кәсіпшілік материалдарды, өндіруші және айдаушы ұңғымалардың пайдалану көрсеткіштерін, сондай-ақ кәсіпшілік зерттеулердің нәтижелерін талдау негізінде жүргізіледі. Ұңғымалар бойынша геологиялық-техникалық материалдар Орындаушыға жұмыс тәртібімен ұсынылады.

Технологиялық жұмыс жоспарын әзірлеу және келісу

Орындаушы әрбір ұңғыма бойынша қабатты сазсыздандырғышпен өңдеу жұмыстарының технологиялық жоспарын әзірлейді және оны химиялық композицияны айдау жұмыстарын бастауға кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн қалғанда келісу үшін Тапсырыс берушіге ұсынады. Тапсырыс беруші тарапынан ескертулер болған жағдайда, Орындаушы 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде барлық ескертулерді ескере отырып, технологиялық жұмыс жоспарын пысықтауға және түзетілген технологиялық жұмыс жоспарын Тапсырыс берушіге қайта ұсынуға міндетті.

Технологиялық жоспар міндетті түрде мыналарды қамтуы тиіс:

- әрбір ұңғыма үшін геологиялық жағдайларды, қабаттың сүзгілік-сыйымдылық қасиеттерін және ұңғыманың ағымдағы пайдалану параметрлерін ескере отырып есептелген химиялық композицияны дайындауға қажетті химиялық реагенттердің айдау көлемі мен олардың концентрациясы;
- ұңғымаға химиялық реагенттерді айдау жұмыстарын кезең-кезеңімен орындау процесінің сипаттамасы, сондай-ақ химиялық композицияны дайындау және айдау үшін Тапсырыс беруші ұсынуға тиіс техника мен жабдықтардың тізбесі, жауапты тараптарды көрсете отырып.

Тапсырыс беруші жеке технологиялық жұмыс жоспарын келіспеген жағдайда, Орындаушы ұңғымаларға химиялық композицияны айдау жұмыстарын орындауға жіберілмейді.

Ұңғымаларға химиялық композицияны айдау

- Бекітілген жеке технологиялық жұмыс жоспарына сәйкес айдау ұңғымаларына химиялық композицияны айдау бойынша кәсіпшілік жұмыстар Орындаушының

мамандары тарапынан Орындаушының техникалық құралдарын (ЦА-320) пайдалана отырып орындалады.

- Бекітілген жеке технологиялық жұмыс жоспарына сәйкес өндіруші ұңғымаларға химиялық композицияны айдау бойынша кәсіпшілік жұмыстар Орындаушының мамандары тарапынан Тапсырыс берушінің техникалық құралдарын (КПРС) пайдалана отырып орындалады. Қажетті техникалық құралдардың тізбесін Орындаушы ұсынады.

Егер қабаттың түп маңы аймағын (ПЗА) өңдеу ұңғыманы күрделі жөндеу жұмыстары (КПРС) жүргізіліп жатқан ұңғымаларда орындалатын болса, ұңғыманы өңдеу жұмыстарына дайындауға қатысты барлық дайындық жұмыстары Тапсырыс берушінің күшімен және оның техникалық құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісі бойынша ұңғыманы ПЗА өңдеу жұмыстарын орындау үшін Орындаушыға береді.

Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен бастап Орындаушы ПЗА өңдеу бойынша барлық жұмыстар кешенін дербес орындайды, жұмыстардың қауіпсіз әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ жұмыстар аяқталғанға дейін олардың ұйымдастырылуына, орындалу барысына және нәтижелеріне толық жауапты болады.

Барлық жұмыстар Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің міндетті қатысуымен орындалады.

Химиялық композицияны айдау жұмыстары аяқталғаннан кейін тараптар Тапсырыс берушімен келісілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың кәсіпшілік (далалық) актісіне қол қояды. Актіде ұңғыманың негізгі геологиялық-техникалық параметрлері, орындалған жұмыстардың сипаттамасы және айдалған химиялық реагенттердің көлемдері көрсетіледі.

Орындалған жұмыстардың нәтижелерін мониторингтеу және технологиялық тиімділігін бағалау

Қабаттардың мұнай беруін арттыру жөніндегі жұмыстардың тиімділігі Тапсырыс беруші мен Орындаушы өкілдерінен тұратын арнайы комиссиямен бағаланады. Бағалау тараптар аралық орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

Технологияны қолданудың нәтижесі мұнай өндіру көлемінің артуы немесе сұйықтықты іріктеу шарттары өзгеріссіз сақталған жағдайда түптік қысымның жоғарылауы болып табылады.

Тапсырыс беруші Орындаушыға химиялық реагенттер бірінші ұңғымаға айдалған сәттен бастап өңдеу жүргізілген ұңғымалардың жұмыс параметрлері бойынша тәуліктік және айлық ақпаратты ұсынады.

Орындаушы Тапсырыс берушімен бірлесіп өңделген ұңғымалардың жұмыс параметрлеріне тұрақты мониторинг жүргізуге міндетті.

Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы орындалған жұмыстар және ағымдағы кезеңдегі олардың тиімділігі туралы жедел есепті ұсынады. Бірлескен кеңес қорытындысы бойынша тараптар хаттамаға қол қояды.

Технологиялық тиімділікті бағалау қорытындысы бойынша Орындаушы Техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес орындалған жұмыстар туралы қорытынды есепті ұсынады.

Жұмыстарды орындау шарттары

Ұңғымадағы жұмыстардың барлық кезеңдері Тапсырыс берушінің күшімен және оның техникалық құралдарын пайдалана отырып, Орындаушы өкілдерінің міндетті қатысуымен (бақылауымен) және техникалық сүйемелдеуімен жүргізіледі. Қажетті техникалық құралдардың тізбесін Орындаушы ұсынады.

Тапсырыс беруші химиялық композицияны дайындау үшін қажетті көлемде техникалық, тұщы және қабат суымен, сондай-ақ ұңғыманы өңдеуге арналған тиісті техникалық сипаттамалары бар агрегаттық техникамен қамтамасыз етеді.

Тапсырыс беруші ұңғыма сағасын айдау жұмыстарына дайындауға, қажетті жабдықтарды (жоғары қысымды бекіту арматурасын және басқа да жабдықтарды) орнатуға, сондай-ақ сағалық арматура мен құбыр сыртындағы кеңістіктің герметикалығы (опрессовкасы) туралы мәліметтерді көрсете отырып, ұңғыманы өңдеу үшін қабылдау-тапсыру актісі бойынша Орындаушыға беруге міндеттенеді.

Орындаушы айдау жұмыстарын бастауға дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын химиялық реагенттердің кен орнына жеткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Ұңғымаға айдау алдында реагенттердің жұмыс қоспасын дайындау Орындаушының күшімен жүзеге асырылады.

Реагенттердің жұмыс қоспасының құрамына прекурсор болып табылмайтын және арнайы лицензияны талап етпейтін, қабаттағы карбонаттық құрамдасты бұзатын органикалық қышқылдар енгізілуі мүмкін. Реагенттердің жұмыс қоспасының құрамы мен олардың әрбір ұңғымаға арналған концентрациясы ұңғыманың қабаттық жағдайларына байланысты өзгеруі мүмкін.

Орындаушы жұмыстарды орындау барысында Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік, өрт және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласындағы заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға міндетті.

Орындаушыға қойылатын талаптар

Орындаушыда төмендегі құжаттар болуы тиіс:

- Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 74-бабына сәйкес қауіпті өндірістік объектілерде сазсыздандырғышты қолдана отырып ұңғымаларды өңдеу технологиясын пайдалануға берілген рұқсат.
- Қолданылатын химиялық затқа қатысты растайтын құжаттар (қауіпсіздік паспорты және техникалық паспорт).
- Ұсынылатын технологияны немесе химиялық затты пайдалану құқығын растайтын құжат.
- Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы шарт.

Жұмыстарды орындау барысында Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға міндетті.

Орындаушының өндірістік персоналы қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс істеуге тиісті рұқсаттарға (куәліктерге) ие болуы тиіс.

Өңдеуді Тапсырыс берушінің кен орнының өндіруші ұңғымаларына айдау үшін зертханалық зерттеулерден өткен химиялық композицияларды (реагенттерді) пайдалана отырып жүргізу қажет.

Орындаушы қолданылатын химиялық заттарға қатысты Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №302 «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» Заңына сәйкес растайтын құжаттарды ұсынады.

Келісілген ұңғыма-кандидаттар бойынша Орындаушы әрбір ұңғымаға арналған технологиялық жұмыс жоспарын әзірлейді және оны Тапсырыс берушімен келіседі. Технологиялық жұмыс жоспары міндетті түрде мынадай бөлімдерді қамтуы тиіс:

- Тапсырыс беруші ұсынған бастапқы деректерге сәйкес ұңғыманың сипаттамасы;
- технологиялық шешімнің (оңтайлы құрам мен концентрацияны ескере отырып) сипаттамасы, химиялық реагенттердің көлемі мен шығынын көрсету;
- химиялық композицияны айдау процесінің сипаттамасы және жұмыстарды орындау кезеңдері (жұмыстардың тізбесі);
- ұңғыманың нақты пайдалану көрсеткіштері, сағадағы рұқсат етілетін ең жоғары қысым және қабылдағыштығы.

Жабдықтар мен химиялық реагенттерді ұңғыма сағасына дейін жеткізу Орындаушының күшімен және қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Композицияны айдау пакер қолданылмай өңдеу жүргізілген кезде ұңғыманың пайдалану тізбегін сынау (опрессовка) қысымынан аспайтын қысыммен жүргізіледі. Пакерді қолдана отырып өңдеу кезінде ең жоғары рұқсат етілетін қысым геологиялық жағдайларға және қолданылатын жабдықтың технологиялық сипаттамаларына байланысты айқындалады.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін Орындаушы өңдеудің негізгі көлемдері мен параметрлері көрсетілген далалық орындалған жұмыстар актісін жасайды және оны Тапсырыс берушімен келіседі.

Орындаушының персоналы жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуге, Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы талаптар мен қағидаларға сәйкес оқытылуға және оларды жұмыстардың барлық кезеңдерінде сақтауға тиіс.

Кез келген материалдың қаптамасының сапасы жұмыстар жүргізілетін аймақтың климаттық жағдайларына сәйкес келуі тиіс. Қаптамасы жергілікті климаттық жағдайларға сәйкес келмейтін немесе оның сапасы көрсетілетін қызметтердің сапасына теріс әсер етуі мүмкін кез келген материалдарды пайдалануға Тапсырыс берушінің тыйым салуға құқығы бар.

Өзге шарттар

Орындаушының материалдарын кен орны аумағында тасымалдау, бір ұңғымадан екіншісіне орын ауыстыру, тиеу-түсіру және өзге де қосалқы жұмыстар Тапсырыс берушінің жәрдемдесуімен Орындаушының өз қаражаты есебінен ұйымдастырылады.

Орындаушы жұмыстарды орындау кезеңінде өзінің қызметкерлерін тамақтандыру және орналастыру бойынша Тапсырыс берушінің тиісті мердігер ұйымдарымен шарттар жасасуға міндетті.

Жұмыстар нәтижелері бойынша рәсімделетін құжаттамалар мен есептерге қойылатын талаптар

Жұмыстардың нәтижелері есептер түрінде рәсімделеді және осы техникалық ерекшелікте көзделген барлық міндеттердің шешімін қамтуы тиіс. Орындаушы ұсынатын есептік құжаттаманың нысаны мен мазмұны Тапсырыс берушімен келісілуге тиіс.

Орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша тиімділікті талдау туралы есеп мыналарды қамтуы тиіс:

- орындалған жұмыстар туралы толық ақпарат, оның ішінде қолданылған технологияның сипаттамасы, тиімділікті есептеу әдістемесі және жүргізілген жұмыстардың толық хронологиясы;
- айдалған химиялық реагенттің көлемі мен түрі туралы мәліметтер;
- графикалық түрде ұсынылған айдау қысымдарының деректері;
- орындалған жұмыстардың тиімділігін бағалау үшін қажетті өзге де ақпарат;
- технологияны одан әрі қолдану бойынша қорытындылар мен ұсынымдар.

Қажет болған жағдайда орындалған жұмыстардың тиімділігін талдау туралы есептің құрылымы Тапсырыс беруші тарапынан толықтырылуы мүмкін.

Орындалған жұмыстардың тиімділігін талдау туралы есеп 1 (бір) дана қағаз жеткізгіште, сондай-ақ графикалық материалдар қоса берілген Microsoft Word, Microsoft Excel және PDF форматтарындағы электрондық жеткізгіште ұсынылады.

Орындалған жұмыстар туралы есеп Орындаушы оны Тапсырыс беруші мен Орындаушының бірлескен кеңесінде қорғау нәтижелері бойынша Тапсырыс берушімен қабылданады. Жұмыстарды қабылдау қорытындысы бойынша Тапсырыс беруші мен Орындаушының бірлескен кеңесінің хаттамасы рәсімделеді, онда орындалған жұмыстардың сапасы мен толықтығына берілген бағалау көрсетіледі.

Тапсырыс беруші тарапынан есепке қатысты ескертулер болған жағдайда, Орындаушы оларды Тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде жоюға міндетті. Орындаушы есептерді ұсынуды және оларды Тапсырыс берушімен түпкілікті келісуді қамтамасыз етеді.

Орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша есептер Орындаушы тарапынан орындалған жұмыстар актісіне қоса берілетін атқарушылық құжаттаманың құрамында ұсынылады.

Ұңғымалардың түп маңы аймағын өңдеу жұмыстарын орындау үшін әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілерінде қолдану жоспарланып отырған технологияны, материалдарды және (немесе) техникалық құрылғыларды қолдануға арналған, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 74-бабына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган берген қолданыстағы рұқсатты ұсынуы тиіс.

Жұмыстарды орындау мерзімі:

Жұмыстарды орындау мерзімі: келісімшартқа қол қойылған күннен бастап, 31.12.2027 жылды қоса алғанда.

Жұмыстар Тапсырыс берушінің өкілдерінен (Ұңғымаларды бұрғылау және жөндеу департаменті) алынған Өтінімдерге сәйкес жұмыстарды ұйымдастырудың бекітілген жоспары бойынша жүргізіледі;

Жөндеуге арналған ұңғымалар саны: 2 (екі) ұңғыма;

Жұмыстар аяқтлғаннан кейін: Мердігер 3 күннің ішінде Тапсырыс берушінің кілдеріне орындалған жұмыстардың бүкіл құжаттамасын ұсынуы тиіс.

Сатып алуға қойылатын талаптар: Ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына кепілдік беру:

Объектіні, Материалдарды және Жұмыстарды пайдаланудың кепілдік мерзімі жұмыстардың аяқталған сәтінен бастап, орындалған жұмыстарды қабылдау актісімен рәсімделген күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік айды құрайды.

Техникалық стандарттар:

ПСТ РК 16-2014 — «Ұңғымаларды өңдеу кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау»

3. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	Қолданылатын химиялық реагенттерге арналған қауіпсіздік паспорты
2	Қолданылатын химиялық реагенттерге арналған техникалық шарттар
3	Қолданылатын химиялық реагенттерге арналған сәйкестік сертификаты

Қол қойған ТУРСУНХОЖАЕВ ЕРЛАН МАМРАЙХАНОВИЧ

Қол қойылған күні 17.11.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1272043
способом Открытый тендер на понижение

Лот № (13 Р, 4585635) Работы по обработке призабойной зоны скважин

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "Совместное предприятие "Казгермунай"
Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Совместное предприятие "Казгермунай"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	13 Р
Наименование и краткая характеристика	Работы по обработке призабойной зоны скважин, Работы по обработке призабойной зоны скважин
Наименование категории ОКТРУ	Работы по обработке призабойной зоны скважин
Дополнительная характеристика	Работы по обработке призабойной зоны скважин
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Кызылординская область, на м/р КГМ
Условия поставки	-
Срок поставки	С даты подписания договора по (включительно) 12.2027
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

ТЕХНИЧЕСКОЕ ЗАДАНИЕ

на выполнение работ / оказание услуг

РАБОТЫ ПО ОБРАБОТКЕ ПРИЗАБОЙНОЙ ЗОНЫ СКВАЖИН

1. **Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики:**

Работы по обработке призабойной зоны скважин с разработкой комплексной программы (на основании геолого-технологических материалов) по обработке призабойной зоны пласта и ГНО химико-технологическим методом с возможностью выполнения работ без станка КРС. Работы могут включать в себя (в зависимости от необходимости) удаление кольматанта глин бурового раствора, улучшение проницаемости терригенного пласта, за счет растворения (диспергирования) глин в пласте, подключение ранее не использованных (закольматированных) терригенных пластов.

Основное содержание и требование к работам.

После заключения договора Заказчик предоставляет Исполнителю необходимые образцы и исходные данные для проведения лабораторных исследований. Перед началом работ на скважине Исполнитель предоставляет Заказчику результаты лабораторных исследований химической композиции на кернах Заказчика. Используемая Исполнителем химическая композиция должна соответствовать основным физико-химическим параметрам и свойствам в условиях месторождения Заказчика.

Выбор скважин-кандидатов.

Выбор скважин-кандидатов производится Заказчиком по согласованию с Исполнителем. Подбор проводится по результатам анализа геолого-промысловых материалов, эксплуатационных данных работы добывающих и нагнетательных скважин, а также промысловых исследований. Геолого-технические материалы по скважинам предоставляются Исполнителю в рабочем порядке.

Разработка и согласование технологического плана работ.

Исполнитель составляет технологический план проведения работ по обработке пласта Разглинизатором на каждую скважину и предоставляет его на согласование Заказчику не менее чем за 7 (семь) календарных дней до начала выполнения работ по закачке химической композиции. При наличии замечаний со стороны Заказчика, Исполнитель должен в течение 3-х календарных дней доработать Технологический план работ с учетом всех замечаний Заказчика и направить скорректированный Технологический план работ Заказчику повторно.

Технологический план в обязательном порядке должен включать:

Объем закачки необходимых химических реагентов и их концентрацию для приготовления композиции, рассчитанную на каждую скважину отдельно, с учетом геологических условий, фильтрационно-емкостных свойств пласта и текущих эксплуатационных параметров работы скважины.

Поэтапное описание процесса выполнения работ по закачке химических реагентов в скважину, а также перечень необходимой от Заказчика техники и оборудования для приготовления и закачки химической композиции с указанием ответственных сторон.

В случае отсутствия согласования индивидуального технологического плана работ со стороны Заказчика, Исполнитель не допускается к выполнению работ по закачке химической композиции на скважинах.

Закачка химической композиции в скважины.

- Промысловые работы по закачке химической композиции в нагнетательные скважины в соответствии с утвержденным индивидуальным Технологическим планом работ производится специалистами Исполнителя с применением технических средств Исполнителя (ЦА-320).
- Промысловые работы по закачке химической композиции в добывающие скважины в соответствии с утвержденным индивидуальным Технологическим планом работ производится специалистами Исполнителя с применением технических средств Заказчика (КПРС). Перечень необходимых технических средств предоставляет Исполнитель.

В случае проведения обработки призабойной зоны пласта (ПЗП) на скважинах, находящихся в работе (КПРС), все подготовительные работы по подготовке скважины к проведению обработки выполняются силами и с использованием технических средств Заказчика.

После завершения подготовительных работ Заказчик передает скважину Исполнителю по Акту приема-передачи для выполнения работ по обработке ПЗП.

С момента подписания Акта приема-передачи Исполнитель самостоятельно выполняет весь комплекс работ по обработке ПЗП, обеспечивает их безопасное и качественное выполнение, а также несет полную ответственность за организацию, ход и результаты выполнения работ до момента их завершения.

Все работы выполняются в обязательном присутствии уполномоченного представителя Заказчика.

По итогам выполненных работ по закачке сторонами подписывается промысловый (полевой) акт выполненных работ, по форме, согласованной с Заказчиком, с указанием основных геолого-технических параметров скважины, а также описанием выполненных работ и объемов закачки химических реагентов

Мониторинг результатов и оценка технологической эффективности выполненных работ.

Эффективность работ по повышению нефтеотдачи пластов оценивается специальной комиссией, включающей представителей Заказчика и Исполнителя, в срок, не превышающий 60 календарных дней с даты подписания сторонами промежуточного акта выполненных работ.

Результаты применения технологии является увеличение добычи нефти, либо увеличение забойного давления при тех же условий отбора жидкости.

Заказчик предоставляет Исполнителю ежесуточную, ежемесячную информацию по параметрам работы скважин, на которых была проведена обработка Исполнителем, начиная с момента закачки химических реагентов в первую скважину.

Исполнитель обязан совместно с Заказчиком вести мониторинг параметров работы обработанных скважин.

При необходимости, по требованию Заказчика, Исполнитель предоставляет оперативный отчет выполненных работ и эффективности работ на текущий период. По итогам совместного совещания сторонами подписывается Протокол.

По итогам оценки технологической эффективности Исполнитель предоставляет итоговый отчет выполненных работ в соответствии с требованиями Технической спецификации.

Условия выполнения работ

Все этапы работ на скважине проводятся силами и с применением технических средств Заказчика при обязательном участии (контроле) и сопровождении представителями Исполнителя. Перечень необходимых технических средств предоставляет Исполнитель.

Заказчик обеспечивает необходимым объемом технической, пресной и пластовой воды для приготовления химической композиции, а также агрегатную технику с соответствующими техническими характеристиками для обработки скважины.

Заказчик обязуется подготовить устье скважины к закачке с установкой необходимого оборудования (установка запорной арматуры высокого давления и др.) и сдать скважину Исполнителю для обработки по акту, с указанием опрессовки устьевой арматуры и затрубного пространства.

Исполнитель обязан обеспечить поставку химических реагентов на месторождение за 7 (семь) календарных дней перед началом выполнения работ по закачке.

Приготовление рабочей смеси реагентов перед закачкой в скважину осуществляется силами Исполнителя.

В состав рабочей смеси реагентов могут входить органические кислоты, разрушающие карбонатную составляющую в пласте, не являющиеся прекурсором и не требующие специальной лицензии. Состав рабочей смеси реагентов и их концентрация на каждую скважину может меняться в зависимости от пластовых условий скважины.

Исполнитель обязан в процессе выполнения Работ соблюдать требования законов, иных нормативных правовых актов и нормативных документов Республики Казахстан в области промышленной, пожарной и эпидемиологической безопасности.

Требования к Исполнителю

Исполнитель должен иметь:

- Разрешение на применение технологии обработки скважин с применением разглинизатора на опасных производственных объектах в соответствии со ст.74 Закона Республики Казахстан «О гражданской защите».
- Подтверждающие документы на применяемое химическое вещество (паспорт безопасности и технический паспорт).
- Документ, подтверждающий право использования предлагаемой технологии или химического вещества.
- Договор обязательного страхования работников от несчастных случаев при исполнении им трудовых обязательств.

В процессе выполнения Работ соблюдать требования законов, иных нормативных правовых актов и нормативных документов Республики Казахстан в области промышленной и пожарной безопасности. Производственный персонал Исполнителя должен иметь соответствующие допуски (удостоверение) к работе на опасных производственных объектах.

Использовать химические композиции (реагенты), которые прошли лабораторные исследования для закачки в добывающие скважины месторождения Заказчика.

Исполнитель предоставляет подтверждающие документы на применяемые химические вещества в соответствии с Закон Республики Казахстан от 21 июля 2007 года №302. «О безопасности химической продукции».

Для согласованных скважин-кандидатов Исполнитель разрабатывает и согласовывает с Заказчиком посскважинный технологический план работ. Технологический план необходимо включать следующие составляющие:

- характеристика скважины, согласно предоставленным исходным данным Заказчика;
- дизайн технологии (с учётом оптимального состава и концентрации), указание объёма и расходов хим. реагентов;
- описание процесса закачки, этапы выполнения работ (перечень работ);
- фактические показатели работы скважины, максимально допустимое устьевое давление и приёмистость.

Доставка оборудования и химических реагентов до устья скважины осуществляется Исполнителем собственными силами.

Закачка композиции проводится при давлении, не превышающем давление опрессовки эксплуатационной колонны скважины при обработке без пакера, при обработке с применением пакера максимально допустимое давление подбирается в зависимости от геологических условий и от технологических характеристик применяемого оборудования.

После завершения мероприятия Исполнитель должен составить полевой акт выполненных работ с отражением основных объемов и параметров обработки и согласовать с Заказчиком.

Персонал Исполнителя должен быть обеспечен средствами индивидуальной защиты и обучен в соответствии с действующими требованиями и правилами по охране труда, промышленной безопасности, охране окружающей среды Республики Казахстан и соблюдать их на всех этапах работы.

Качество упаковки любого материала должно соответствовать климатическим условиям в зоне проведения работ. Заказчик имеет право запретить использование любых материалов, упаковка которых не соответствует местным климатическим условиям или качество которой может повлиять на качество услуг.

Прочие условия

Перемещение материалов Исполнителя на месторождении, передвижение с одной скважины на другую, погрузочно-разгрузочные и иные вспомогательные работы организуются Исполнителем за счет собственных средств при содействии Заказчика.

Исполнитель обязан заключить договоры на питание и проживание собственных сотрудников на период проведения работ с соответствующими подрядными организациями Заказчика.

Требования к документации и отчетам, оформляемым по результатам работ

Результаты Работ оформляются в виде отчетов и должны включать решение всех задач, предусмотренных настоящей технической спецификацией. Форма и содержание отчетной документации, предоставляемой Исполнителем, подлежат согласованию с Заказчиком.

Отчет по анализу эффективности по результатам выполненных Работ должен включать:

- подробную информацию о выполненных Работах с описанием примененной технологии, методики расчета эффективности, а также детальной хронологии проведенных работ;
- сведения об объемах и виде закачанного химического реагента;
- данные о давлениях закачки, представленные в графической форме;
- иную информацию, необходимую для оценки эффективности выполненных Работ;
- выводы и рекомендации по дальнейшему применению технологии.

При необходимости структура отчета по анализу эффективности выполненных Работ может быть дополнена Заказчиком.

Отчет по анализу эффективности выполненных Работ предоставляется в 1 (одном) экземпляре на бумажном носителе, а также на электронном носителе в форматах Microsoft Word, Microsoft Excel и PDF с приложением графических материалов.

Отчет по выполненным Работам принимается Заказчиком по результатам его защиты Исполнителем на совместном совещании Заказчика и Исполнителя. По итогам приемки Работ оформляется протокол совместного совещания Заказчика и Исполнителя, в котором отражается оценка качества и полноты выполненных Работ.

При наличии замечаний к отчету со стороны Заказчика Исполнитель обязан устранить их в сроки, установленные Заказчиком. Исполнитель обеспечивает представление отчетов и их окончательное согласование с Заказчиком.

Отчеты по результатам выполненных Работ предоставляются Исполнителем в составе исполнительской документации, прилагаемой к Акту выполненных Работ.

Потенциальный поставщик для выполнения работ по обработке призабойной зоны скважин должен предоставить действующее Разрешение на применение технологии, материалов и (или) технических устройств, планируемых к использованию на опасных производственных объектах Заказчика, выданное уполномоченным органом в области промышленной безопасности в соответствии со статьей 74 Закона РК „ О гражданской защите

Срок выполнения работ:

Срок выполнения работ: с даты подписания договора по 31.12.2027 года включительно.

Работы выполняются в соответствии с утвержденным планом организации работ на основании заявок, полученных от представителей Заказчика (Департамент бурения и ремонта скважин).

Количество скважин, подлежащих ремонту: 2 (две) скважины.

После завершения работ: Подрядчик в течение 3 (трех) дней обязан предоставить ключевым представителям Заказчика полный комплект документации по выполненным работам.

Требования по закупке:

Предоставление гарантии на качество предлагаемых товаров, работ, услуг:

Гарантийный срок эксплуатации Объекта, Материалов и Работ устанавливается 12 (двенадцать) календарных месяцев с момента завершения Работ, оформленного актом о приемке работ.

Технические стандарты:

ПСТ РК 16-2014 — Безопасность и охрана труда при обработке скважин

3. Нормативно-технические документы

№ п/п	Наименование
1	Паспорт безопасности на применяемые хим реагенты
2	Технические условия на применяемые хим реагенты
3	Сертификат соответствия на применяемые хим реагенты

Подписал ТУРСУНХОЖАЕВ ЕРЛАН МАМРАЙХАНОВИЧ
Дата подписания 17.11.2026